



"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 19 наурыз N 363

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 24 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 43-құжат; N 12, 88-құжат; N 23, 152-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180, 181-құжаттар; N 11-12, 257-құжат; N 15, 281-құжат; N 23-24, 416-құжат; 1997 ж., N 4, 51-құжат; N 7, 82-құжат; N 10, 112-құжат; N 11, 144-құжат; N 12, 184, 188-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 20, 263-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 4, 45-құжат; N 14, 197, 201, 202-құжаттар; N 23, 425-құжат; N 24, 436, 442, 445-құжаттар; 1999 ж., N 6, 192, 193-құжаттар; N 20, 731-құжат; N 21, 786-құжат; N 23, 928-құжат; N 24, 1067-құжат; 2000 ж., N 3-4, 65, 66-құжаттар; N 10, 234-құжат, 2001 жылдың 30 қаңтарында "Егемен

Қазақстан" және 2001 жылдың 30 қаңтарында "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 57-баптың 1-тармағының 17) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"17) жарнамалық қызмет көрсетулерді қоса алғанда, отандық газет және журнал өнімін, жарнамалық сипаттағы мерзімді баспа басылымдарын қоспағанда, өндіру жөніндегі айналымдар;" .

2. Мынадай мазмұндағы 61-1-баппен толықтырылсын:

"61-1-бап. Өздері шығарған теле және радио бағдарламаларды сату жөніндегі айналымға салық салу

Қазақстан Республикасының теледидар және радиохабар ұйымдары жүзеге асыратын өздері шығарған теле және радиоөнімді, киноөнімі мен бейнеклиптерден (жарнама роликтерін қоса алғанда) қоспағанда шығару мен сату жөніндегі айналымдарға қосылған құн салығы нөлдік ставка бойынша салынады."

3. 62-баптың 1-тармағында "20" деген сан "16" деген санмен ауыстырылсын.

4 . 64 - б а п т а :

1) 5-тармақ алынып тасталсын;

2) 8-тармақтағы "осы баптың 5-тармағында көрсетілгеннен басқа жағдайларда," деген сөздер алынып тасталсын.

5. 67-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) жөнінде есепті кезең үшін декларациямен бір мезгілде міндетті түрде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілеген нысан бойынша шот-фактуралардың тізілімі ұсынылады.";

6 . 69 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

бірінші бөлік ", егер осы Заңның 179-бабының 12-тармағымен өзгеше көзделмесе," деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөлік мынадай мазмұндағы сөйлемдермен толықтырылсын:

"Қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығы сомасының дұрыстығы расталған жағдайда жеткізушіге тексеру тағайындау туралы шешім салық органының ұйғарымы бойынша қабылданады. Осындай салық төлеуші қосылған құн салығы қайтаруға өтініш берген кездің алдындағы он екі айлық кезең ішінде айдың кемінде бір рет көрсетілген салық төлеушіге тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) сатуды жүзеге асырған жеткізушілерге төте тексеру жүргізілмейді. 1 миллион теңгеден астам сомаға қосылған құн салығын көрсете отырып, шот-фактура жазып берілген жеткізушілер (жоғарыда көрсетілгендерді қоспағанда) міндетті тексеруге жатады."

7. 70-баптың 4-тармағында "сомалары" деген сөзден кейін ", қосылған құн

салығынан басқа," деген сөздермен толықтырылсын;

8. 70-1-баптың 1-тармағындағы "20" деген "16" деген санмен ауыстырылсын.

9. 72-баптың 2-тармағы алынып тасталсын.

1 0 . 1 0 4 - 9 - б а п т а :

1) 1-тармақтағы "26" деген сан "21" деген санмен ауыстырылсын.

2) 1-1-тармақ алынып тасталсын.

1 1 . 1 7 9 - б а п т а :

1) мынадай мазмұндағы 4-2 және 4-3-тармақтармен толықтырылсын:

"4-2. Осы баптың 4-3-тармағында көрсетілген жер қойнауын пайдаланушыларды қоспағанда, пайдалы қазбаларды барлауды және (немесе) өндіруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар мынадай шарттарды:

1) Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін қалпына келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен келісім-шарттарда белгіленген салық режиміне өзгерістер енгізу. Бұл ретте, өзгертілген салық режимі 2001 жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енеді;

2) жер қойнауын пайдаланушылар өсім мен айыппұл санкцияларын қолданбастан өзгерістерді енгізу күніне дейінгі 2001 жылдың 1 шілдесінен бастап салық режимінің өзгеруімен байланысты бюджетке міндеттемелер бойынша қайта есептеуді жүргізуді орындаған жағдайда 2001 жылдың 1 шілдесінен бастап қосылған құн салығына 16 пайыз, әлеуметтік салыққа 21 пайыз ставканы қолданады.

4-3. Осы жер қойнауын пайдаланушылар пайдалы қазбалардың басқа түрлерін барлау және (немесе) өндіру бойынша операцияларды жүргізбеген жағдайда жалпы таралған пайдалы қазбалар және (немесе) жерасты суларын барлауды және (немесе) өндіруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар 2001 жылдың 1 шілдесінен бастап қосылған құн салығына 16 пайыз, әлеуметтік салыққа 21 пайыз ставканы қ о л д а н а д ы . " ;

2) мынадай мазмұндағы 11, 12 және 13-тармақтармен толықтырылсын:

"11) Заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғалар, жеке тұлғалар, сондай-ақ тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының резидент еместері 2001 жылдың 15 шілдесінен кешіктірмей салық органдарына мынадай ақпаратты ұсынуға міндетті:

1) 2001 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша қолда бар деп есептелетін негізгі қаражаттың, материалдық емес активтердің, тауарлық-материалдық қорлардың қалдықтары туралы мәліметтер;

2) көрсетілген күнге жауапты сақтауда орналасқан негізгі қаражат, тауарлық-материалдық қорлар туралы мәліметтер. Көрсетілген мәліметтерді тауарларды жауапты сақтауға тиіп жіберген салық төлеушілер де, жауапты сақтауға тауарларды қабылдаған салық төлеушілер де береді;

3) көрсетілген күнге жолда жүрген негізгі қаражат, материалдық емес активтер,

тауарлық-материалдық қорлар туралы мәліметтер;

4) 2001 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша ұйымның бухгалтерлік теңгерімі.

Осы тармақтың 1)-3) тармақшаларында көрсетілген мәліметтер осы Заңның 64-бабына сәйкес есептемеге жатқызылуы тиіс қосылған құн салығымен бірге сатып алынған негізгі қаражат, материалдық емес активтер, тауарлық-материалдық қорлар бойынша ұсынылады. Мәліметтер Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілеген тәртіппен және нысан бойынша ұсынылады.

12. Есептелген салық сомасынан есептемеге жатқызылған қосылған құн салығы сомасының асуы бар салық төлеушілер 2001 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша осы баптың 11-тармағында көрсетілген мәліметтерге енгізілген тауарлық-материалдық қорлардың сатылуына қарай осы асырылған соманы қосылған құн салығы бойынша алдағы төлемдер есебіне есептелінеді.

Көрсетілген салық төлеушілер Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілеген нысан бойынша осы баптың 11-тармағында көрсетілген тауарлардың қалдығын пайдалану туралы мәліметтерді қосылған құн салығы жөніндегі декларациямен бір мезгілде салық органдарына ұсынады.

2001 жылдың 1 шілдесіне дейін олар бойынша төлем жүргізілген, бірақ көрсетілген күннен кейін алынған 2001 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша жолда келе жатқан негізгі қаражат, тауарлық-материалдық қорлар бойынша қосылған құн салығы 2001 жылдың 1 шілдесіне дейін күшінде болған ставканы ескере отырып есептелген мөлшерде есептемеге жатқызылады. 2001 жылдың 1 шілдесінен кейін алынған, көрсетілген күнге дейін олар бойынша төлем жүргізілмеген, 2001 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша жолда келе жатқан негізгі қаражат, тауарлық-материалдық қорлар бойынша қосылған құн салығы 2001 жылдың 1 шілдесіне дейін қолданылып келген ставка ескере отырып есептелген, бірақ 16 пайыздан аспайтын мөлшерде есептемеге жатқызылады.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің жеткізушілермен 2001 жылдың 1 шілдесіне дейін жасалған келісім-шарттар (шарттар) бойынша 2001 жылдың 1 шілдесінен кейін қосылған құн салығы ескерілген бағалар бойынша алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер)

бойынша қосылған құн салығы есептемеге жатқызылмайды.

13. Салық органының шешімі бойынша осы Заңның 137-бабындағы 2-тармақтың ережелеріне қарамастан, қосылған құн салығы бойынша кезектен тыс тексерулер жүргізіледі."

2. бап. Осы Заң 2001 жылдың 1 шілдесінен бастап қолдануға енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК